

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты

Мұнай және газ геологиясы кафедрасы

Абдумаликова Нұрила Әкімбекқызы

Тақырыбы: “Алматы облысы Кербұлақ ауданының Сарыөзек ауылының солтүстік-шығыс бөлігін шаруашылықтық-ауыз сумен қамтамасыз ету үшін Майтөбе өзен аңғарының сутартқыштары учаскесінде жерасты суларын өнеркісіптік өндіру жобасы”



**Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

Мамандығы 5B070600 – Геология және пайдалы кен қазба орындарын
барлау

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты

Мұнай және газ геологиясы кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

Мұнай және газ геологиясы

PhD доктор, ассоц. профессор

_____ Т.А.Енсеппбаев

“ ____ ” _____ 2020ж.

**Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

Тақырыбы: “Алматы облысы Кербұлақ ауданының Сарыөзек ауылының солтүстік-шығыс бөлігін шаруашылықтық-ауыз сумен қамтамасыз ету үшін Майтөбе өзен аңғарының сутартқыштары учаскесінде жерасты суларын өнеркісіптік өндіру жобасы”

Мамандығы 5В070600– Геология және пайдалы кен қазба орындарын
барлау

Орындаған

Абдумаликова Н. Ә.

Ғылыми жетекші

*География ғылымдарының
магистрі,*



Тлеуова Ж.Т.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты

Мұнай және газ геологиясы кафедрасы

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі
Мұнай және газ геологиясы
PhD доктор, ассоц. профессор
_____ Т.А.Енсеппбаев

“ _____ ” _____ 2020ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Абдумаликова Нұрила Әкімбекқызы

Тақырыбы : *“Алматы облысы Кербұлақ ауданының Сарыөзек ауылының солтүстік-шығыс бөлігін шаруашылықтық-ауыз сумен қамтамасыз ету үшін Майтөбе өзен аңғарының сутартқыштары учаскесінде жерасты суларын өнеркісптік өндіру жобасы”*

Университет Ректорының 2020жылғы “ 27 ” қаңтар № 762 -б
бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2020 жылғы “ 26 ” мамыр

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: У.М.Ахмедсафин атындағы
«Гидрогеология және геоэкология» ЖШС алынды.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

- а) ауданның геологиялық құрылымы*
- б) ауданның гидрогеологиялық жағдайы*
- в) Өмір тіршілік қауіпсіздігі және еңбек қорғау сұрақтары*
- г) жұмыстың экономикалық тиімділігін есептеу*

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

Сызба материалдарын тізімі: жұмыс ауданының және учаскесінің гидрогеологиялық картасы, фактілік материалдар картасы, жерасты сулары пайдалану қорларын есептеу жоспары, № 1015/1 ұңғыманың геологиялық-техникалық қимасы, санитарлық қорғау зонасы схемасы презентация слайдтарында көрсетілген


Ұсынылатын негізгі әдебиет 8 атау.

Алматы 2020

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге көрсету мерзімдері	Ескерту
Жұмыс ауданының географиялық, геологиялық және гидрогеологиялық жағдайлары	10.03.20 ж	
Жобаланатын жұмыстардың әдістемесі, түрлері мен көлемдері	26.03.20 ж	
Кенорынының геологиялық және гидрогеологиялық жағдайлары	09.04.20 ж	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа (жобаға) қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Экономика бөлімі	Тлеуова Ж.Т. география ғыл.магистрі	20.04.2020 ж.	
Еңбек қорғау бөлімі	Тлеуова Ж.Т. география ғыл.магистрі	05.05.2020 ж.	
Норма бақылау	Құдайберді Ж.С. Тьютор, жаратылыстану ғылымдарының магистрі	18.05.2020 ж.	

Ғылыми жетекші



Тлеуова Ж.Т.

Тапсырманы қабылдаған студент



Абдумаликова Н.Ә.

Күні "27" 01 2020 ж.

АНДАТПА

Дипломдық жобаның мақсаты, Алматы облысы, Кербулақ ауданы, Сарыөзек аудан орталығын шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету үшін, бұрында барлау жұмыстары жүргізілген Сарыөзек кенорынында жерасты суларының қорына қайта барлау жұмыстарын жүргізу мақсатында, толық барлау жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Дипломның жалпы бөлімінде жұмыс ауданы туралы мағлұматтар, оның орналасқан жері, орогидрографиясы және климаты туралы жазылған. Сонымен бірге учаскілердің гидрогеологиялық мен геологиялық құрылымы көрсетілген.

АННОТАЦИЯ

Целью дипломной работы является проведение доразведочных работ для хозяйственно-питьевого водоснабжения районного центра Сарыозек Кербулакского района Алматинской области, с целью проведения геологоразведочных работ на месторождении Сарыозек, где ранее проводились разведочные работы.

В общей части диплома указываются сведения о площади работы, его местоположении, орогидрографии и климате. Также представлена гидрогеологическая и геологическая структура участков.

ABSTRACT

The purpose of the thesis is to conduct additional exploration work for the economic and drinking water supply of the Saryozek district center of the Kerbulak district of the Almaty region, in order to conduct geological exploration at the Saryozek field, where exploration work was previously carried out.

The General part of the diploma contains information about the area of work, its location, orohydrography and climate. The hydrogeological and geological structure of the plots is also presented.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	7
1	Жұмыс ауданының географиялық, геологиялық және гидрогеологиялық жағдайлары	8
1.1	Әкімшілік және географиялық жағдайы	8
1.2	Климаты	8
1.3	Орографиясы	9
1.4	Гидрографиясы	9
1.5	Ауданның геологиялық құрылымы мен гидрогеологиялық жағдайлары	10
2	Жобаланатын жұмыстардың әдістемесі, түрлері мен көлемдері	12
2.1	Дайындық кезеңі мен жобалау	13
2.2	Жұмыс телімін шолуға маршруттық тексеру	14
2.3	Гидрогеологиялық маршруттар	15
2.4	Топография-геодезиялық жұмыстар	16
2.5	Гидрологиялық жұмыстар	16
2.6	Тәжірибелік-сүзілулік жұмыстары	19
2.7	Режимдік бақылаулар	19
2.8	Зертханалық жұмыстар	22
2.9	Далалық материалдарды камералдық өңдеу	23
3	Кенорынының геологиялық және гидрогеологиялық жағдайлары	24
3.1	Кенорынының геологиялық құрылымы мен стратиграфиялық ерекшеліктері	24
3.2	Кенорынының гидрогеологиялық жағдайлары	24
3.3	Жерасты сулары сапасының сипаттамасы	26
3.4	Жерасты суларының қорларын қайта бағалау	27
3.5	Тектоникалық жарылымдар мен ашық жарықшақтық белдемінің табиғи ресурстарын қайта бағалау	31
3.6	Пайдаланылатын қорларды қайта бағалау	31
3.7	Пайдаланылатын қорларды категорияларға бөлу	32
3.8	Сутартқыштарды жобалау мен пайдалану бойынша ұсыныстар	32
	Қорытынды	33
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	34
	А қосымшасы	35
	Б қосымшасы	36
	В қосымшасы	37
	Г қосымшасы	42
	Д қосымшасы	44
	Е қосымшасы	45
	Ж қосымшасы	46

КІРІСПЕ

Дипломдық жобаның мақсаты, Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек аудан орталығын шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету үшін, бұрында барлау жұмыстары жүргізілген Сарыөзек кенорынында жерасты суларының қорына қайта барлау жұмыстарын жүргізу мақсатында, толық барлау жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Қорларды қайта бағалау мақсатында толық барлау жұмыстары үшін негіз болып табылады:

- бұрында жүргізілген барлау жұмыстарынан кейінгі сушаруашылық жағдайдың өзгеруі.

Жұмыстар негізінен, толық барлау телімдері шектерінде жұмыс жасап тұрған сутартқыштардың пайдалану тәжірибесін зерттеуге, сутарту режимін, пайдалану және бақылау ұңғымаларының техникалық жағдайын, режимдік тораптың бар екендігін, бұрында анықталған есептік гидрогеологиялық параметрлерді толық зерттеуге, пайдаланылатын қорларды қазіргі уақытта қайта бағалаудағы экологиялық жағдай мен гидрохимиялық ерекшеліктерін анықтауға бағытталған.

1 Жұмыс ауданының географиялық, геологиялық және гидрогеологиялық жағдайлары

1.1 Әкімшілік және географиялық жағдайы

Жерасты суларының Сарыөзек кенорыны әкімшілік қатынаста Алматы облысы, Кербұлақ ауданының аумағында орналасқан, солтүстік ендікте $44^{\circ}10'$ - $44^{\circ}28'$, шығыс бойлық координаттармен шектелген, L-43–XXXVI және L – 44 – XXXI парақтарда орналасқан.

1 сутартқыштың телімі Дос өзені аңғарында, Сарыөзек ауылының оңтүстік-батыс бөлігінде 6,0км, ал 2 сутартқыштың телімі Кіші-Майтөбе өзені аңғарында, ауылдың оңтүстік-шығысында 4,5км орналасқан.

Сарыөзек аудан орталығы, Талдықорған облыс орталығының оңтүстігінде 90,0км және Алматы-Өскемен республикалық маңыздылығы бар асфальтталған жолда орналасқан. Сарыөзек ауылынан шығыста, солтүстік-шығыс бағытта ҚХР байланысты жүзеге асыратын, Алматы-Хоргос көлік жолы бағытталған. А Қосымшасы

1.2 Климаты

Кербұлақ ауданы Алматы облысының орталық бөлігінде, жотаның батыс тарамдарда пайда болған шұңқырда, Жоңғар Алатауының оңтүстік-батыс бөлігінің тау етектерінде орналасқан.

Жеке төбелер теңіз деңгейінен 2500м жетеді. Жергілікті жердің бедері адырлы. Адыр арасында барынша төмен бөлігінде, қоршаған таулардан ағатын, кішкене өзендер ағады. Өзендер балқаш көлінің құйылысы – Қаратал өзеніне құйылады. Қаратал өзені оңтүстіктен солтүстікке қарай ағады, талдықорған қаласынан батысқа бұрылады. Өзен жаз кезінде, аумақты суаруға суды алу нәтижесінде таяз сулы болады.

Климат күрт континенталды. Қысы суық, қысқа, жазы ұзақ, ыстық. Атмосфералық жауын-шашындар, жыл бойында біркелкі емес. Олардың көп мөлшері (жылдық мөлшерінен 63% немесе 236,4мм) көктем-жаз кезінде, аз мөлшері – қыс уақытында түседі (жылдық мөлшерінен 37% немесе 137,5 мм).

Қар жамылғысының орташа биіктігі 8-13см, максималды биіктігі 43см жетеді, желтоқсанның басында түсіп, наурыздың соңында кетеді.

Абсолютті ылғалдылық пен ылғал тапшылығының барынша орташа мәндері жаз кезінде болады, онда ауа температурасының ылғалдануы белгіленеді. Бұл кездегі абсолюттік ылғалдылық 8,4–10,5мм, қатысты ылғалдылық 26-37% құрайды. Осы уақытта жер беті мен суқоймаларынан қарқынды булану процестері болады.

Көпжылдықта жауын-шашындардың орташа жылдық жинағы 308мм құрайды. Жыл бойында атмосфералық жауын-шашындардың таралуы біркелкі емес. Жауын жылдың жылы уақытында көбейеді (сәуірмен -қазан аралығында).

Бұл ауданда жел оңтүстік-батыстан 2-5м/сек жылдамдықта соғады. Желдің жылдық таралымы 30% құрайды. Жел, солтүстік-шығыстан соғады. Орташа жылдамдығы 1,0 м/сек. Шығыстан соғатын жел күштірек болады. Желдің бұлай соғуы, жерді эрозияға әкеледі.

1.3 Орографиясы

Аудан орографиялық қатынаста солтүстіктен, шығыста және оңтүстік-батыста Жоңғар Алатауы тау сілемімен жиектелген, Қосқұдық тауаралық ойпатын көрсетеді. Қоршаған таулар Жоңғар Алатауының оңтүстік-батыс шегін құрайтын, Малайсары, Шолақ және Арқарлы жоталарымен ашылған. Тау баурайлары тік және көптеген сайлармен бөлінген. Абсолюттік белгілер 900-1450м құрайды.

Сипатталып отырған алаң орографиялық қатынаста тауаралық ойпаттармен кезектесетін, енді және солтүстік-шығыс созылымда, аласа таулы жоталар түрінде дамыған, Жоңғар Алатауының батыс тарамдарын қамтиды. Сарыөзек шұңқыры үш жақтан Жалғызағаш, Арқалық, Желдіқора, Малайсары, Арқарлы тауларымен шектеседі және 900-950м абсолюттік белгілерімен адырлы алқапты және қатты бөлінген бедерді ашады. Бедердің бөлінуі, уақытша су құйылыстары мен тектоникалық фактордың әсерімен негізделген. Ауданның шығыс бөлігінде Сарыөзек шұңқыры Қоғалы тауаралық ойпатымен бірігеді, солтүстік-шығыс созылымдағы, абсолюттік белгілері 960-1320м, нашар адырлы бедермен сипатталған.

1.4 Гидрографиясы

Қарастырылып отырған алаң гидрографиялық қатынаста Дос, Кіші Майтөбе, Майтөбе өзен алаптарына жатады. Барлық өзендер көбінесе солтүстік-шығыс бағытты иеленеді. Ауданның шығыс бөлігінде Жоңғар Алатау солтүстік беткейінің барлық бұлақтарының сужинайтын артериясы болып табылатын, Биже өзені ағады.

Кіші Майтөбе өзені Алтын Емел жотасының солтүстік беткейлерінен бастау алады. Қарастырылып отырған аудан шектерінде өзен арнасының ені 1,5-5м, тереңдігі 0,15-1,0м, Кіші Майтөбе өзенінде орналасқан, уақытша гидропостардың деректері бойынша ағыстың орташа жылдамдығы 0,05-0,33м/с. Аудан аумағындағы өсімдік және топырақ

жамылғысы жер бедерінің әртүрлі түрін, табиғи-климаттық және гидрогеологиялық жағдайларды көрсетеді және тік белдемділікпен сипатталады. Тауалды жазықтары шектерінде ашық сұр түсті топырақтар, гидроморфты белгілері бар сұр топырақтар, сұр топырақты жыралы топырақтар дамыған. Ашық сұр топырақтардың қалыңдығы аз және аз гумусты. Өсімдік жамылғысы жусандармен және грунт суларымен байланысы жоқ басқа да ксерофиттермен ашылған.

Гидроморфты белгілері бар сұр топырақтар грунт сулары 2,5-5,0м тереңдікте жатқанда нашар грунтты ылғалдану жағдайларында дамыған. Өсімдік жамылғысы астық тұқымдастар тобымен, Шренк жусанымен ашылған.

1.5 Ауданның геологиялық құрылымы мен гидрогеологиялық жағдайлары

1.5.1 Стратиграфиясы

Ауданның геологиялық құрылымында кайнозой жасындағы, құрамы бойынша әртүрлі шөгінді таужыныстары қатысады. Кайнозой түзілімдері көбінесе тауаралық ойпаттарда дамыған, ал ауданның таулы бөлігі палеозой түзілімдерінен тұрады.

Таскөмір жүйесі (C).

Пермь (P).

Миоцен (N_1).

Плиоцен (N_2^{1-2} il).

Төрттік жүйе (Q).

Интрузиялы таужыныстары (γPZ).

1.5.2 Тектоникасы

Сипатталып отырған аудан Жоңғар Балқаш герцендік геосинклиналының оңтүстік перифериясы шектерінде орналасқан және үш ярусты құрылымымен сипатталады. Каледон, герцин және альпілік құрылымдық ярустары, қазіргі уақытта байқалатын, қатпарлы-блоқты құрылымның қалыптасуында, үш басты кезеңді көрсетеді.

Ордовик және силур жасындағы, қарқынды-дислоцирленген және метаморфталған шөгінді және вулканогенді таужыныстардан тұратын, каледон құрылымдық ярусы көтеріңкі тектоникалық блоктарда қатысады (Қоғалы өзен алабында, Жалғызғаш тауларында, Алтын Емел дотасының оңтүстік беткейлерінде).

Сарыөзек синклинориясының барлық ішкі құрылымы, жарылымдық бұзылыстар жүйесімен анықталады, онда дислокацияның қатпарлы пішіндері де байланысты.

1.5.3 Гидрогеологиялық жағдайлар

Ауданның гидрогеологиялық жағдайлары геология-құрылымдық, геоморфологиялық және климаттық факторлармен анықталады. Төменде 1974-1975жылдарда жүргізілген, толық барлау жұмыстарының нәтижелері бойынша ауданда бөлінген сулы горизонттар мен олардың стратиграфиялық жүйесі сипатталады.

Бөлінбеген жоғарғы төрттік және қазіргі аллювиалды түзілімдердің сулы горизонты (аQ_{III-IV}).

Ортаңғы төрттік аллювиалды-пролювиалды түзілімдердің сулы горизонты (арQ_{II}).

Миоцен түзілімдерінің жергілікті-сулы таралған жерасты сулары (N_I).

Жерасты сулары перм түзілімдерінің тектоникалық жарылымдары мен ашық жарықшақтық белдемімен ұштасады.

Перм түзілімдерінің тереңдік жарылымдары мен ашық жарықшақтық белдемінің грунт сулары (P).

Перм түзілімдері ауданның шектерінде кеңінен таралған, онда олар горсты көтеріліммен жанасады.

Таужыныстарының литологиялық құрылымы туфтар, туфты-кұмдақтар, құмдақтар, порфирлер мен альбитофирлер көп кездеседі.

Жерасты сулары мору жарықшақтарына, жарылымдар мен тірелетін жарықшақтарға ұштасады.

Жарықшақты белдемнің қалыңдығы таужыныстарының литологиялық құрамы мен ауданның тектоникалық ерекшеліктеріне байланысты. Тиімді жарықшақтық белдемінің тереңдігі 50-80м жоғары емес, бұлақтардың дебиттері 0,01-0,3 дм³/с-тан 5,0-7,0 дм³/с дейін (1 және 754 бұлақтар). Перм түзілімдерін ашатын, ұңғымалардың дебиттері жарықшақтық дәрежесі мен олардың тектоникалық бұзылыстарға ұштасуына байланысты, су деңгейі 14,3 және 8,1м төмендегенде, 3,3дм³/с - 35,5дм³/с дейін өзгереді.

Жерасты сулары 2,5-21,5м тереңдіктерде ашылады, олар химиялық құрамы бойынша тұщы және аз тұздықты, жалпы минералдылығы 0,7-2,3 г/дм³, сульфатты және сульфатты-гидрокарбонатты құрамды.

1959-1961 жылдарда Малайсары жотасының оңтүстік-шығыс бөлігі мен Майтөбе тауының солтүстік бөлігіндегі жарылымдық белдемінде Мосгипротанспен Сарыөзек станциясын сумен қамтамасыз ету үшін, іздеп-барлау жұмыстары жүргізілді.

Бұл жұмыстардың нәтижесінде қазіргі уақытқа дейін пайдаланылып жатқан, бірнеше пайдалану ұңғымасы бұрғыланды. Сутартқыш құрылымдар перм түзілімдерінің жарылымдық белдеміне ұштасады және жарықшақты сулардың арылуы болатын, Дос, Қараөзек, Кіші Майтөбе өзен-ағарларында орналасқан. Жұмыс жасап тұрған үш сутартқыштағы жалпы дебит $23 \text{ дм}^3/\text{с}$ құрайды.

1974-1975 жылдарда талдықорған гидрогеологиялық экспедициясы, өнеркәсіптік категориялар бойынша, жерасты суларының пайдаланылатын қорларын бағалау мақсатында, жұмыс жасап тұрған сутартқыштар ауданында барлау жұмыстары жүргізіледі.

Далалық жұмыстарды жүргізуде, тектоникалық бұзылыстарға жақын орналасқан, №№564, 567 ұңғымаларда, су деңгейі 5,80-8,1м төмендегенде, ең жоғары дебиттер $35,0-35,5 \text{ дм}^3/\text{с}$ алынған.

Жерасты суларының қоректенуі тектоникалық жарылымдар мен жарықшақтар бойынша, аймақтық тереңдік су ағысы мен жер беті су құйылысының сүзілуі мен атмосфералық жауын-шашындардың инфильтрациясы есебінен жүзеге асырылады.

Толық барлау нәтижелері бойынша, 01.07.1975 жылғы жағдайда (№337 хаттама), 10000 тәулік пайдалану мерзіміне, А+В+С₁ категориялары бойынша, $6,3 \text{ мың.м}^3/\text{тәулік}$, соның ішінде А+В – категориялары бойынша $3,8 \text{ мың.м}^3/\text{тәулік}$ мөлшердегі, жарықшақты-желілі перм таужыныстары, жерасты суларының пайдаланылатын қорлары бекітілген.

Таскөмір түзілімдерінің ашық жарықшақты белдемінің грунт сулары (С).

Жоғарғы силур түзілімі, лудлов ярусының ашық жарықшақтық белдемінің грунт сулары (S₂ld).

Интрузивті таужыныстарының ашық жарықшақты белдемінің грунт сулары (γPt).

2 Жобаланатын жұмыстардың әдістемесі, түрлері мен көлемдері

Сарыөзек ауылының ауданында, шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету үшін, жерасты сулары көздерін зерттеу бойынша іздеп-барлау жұмыстары 1959 жылдан басталды.

Сарыөзек станциясын сумен қамтамасыз ету үшін 1959-1961 жылдар аралығында іздеп-барлау жұмыстары жүргізілді, олар аэрофототүсірімдерді дешифрлеу мен далалық геофизикалық зерттеулер кешенінде ұңғымалар бұрғыланды. Бұл жұмыстар аяқталғаннан кейін №№1Р, 2Р, 3Р үш ұңғымалар ары қарай пайдалану үшін берілді. №№1Р және 2Р ұңғымалар қазіргі уақытқа дейін жұмыс жасайды.

1974-1975 жылдарда Сарыөзек аудан орталығын сумен қамтамасыз ету үшін, жерасты суларының Сарыөзек кенорынында толық барлау жұмыстары жүргізілді. 01.07.1975 жылғы жағдайда (№337 хаттама), 10000 тәулік пайдалану мерзіміне, $A+B+C_1$ категориялары бойынша, 6,3 мың.м³/тәулік, соның ішінде $A+B$ – категориялары бойынша 3,8мың.м³/тәулік мөлшерде бекітілді.

Кенорынын пайдалану мерзімінің аяқталуына және “Алматы облысы, Нарынқол және Сарыөзек кенорынының жерасты сулары қорларын қайта бағалау мақсатында толық барлау” бойынша жұмыстарды жүргізуге, жобаға сәйкес жерасты суларының пайдаланылатын қорларын қайта бағалау мақсатында, толық барлау жұмыстарын жүргізу қажеттілігіне байланысты, жұмыстардың төмендегідей түрлері мен көлемдері орындалатын болады:

- дайындық кезеңі мен жобалау;
- шолу маршрутты тексеру;
- сутартқыштарды пайдалану тәжірибесін зерттеу;
- топографо-геодезиялық жұмыстар;
- гидрологиялық жұмыстар;
- тәжірибелік-сүзілулік жұмыстар;
- режимдік бақылаулар;
- зертханалық жұмыстар;
- камералдық жұмыстар мен есепнама жасау;

Төменде негізгі нәтижелердің ұқсас сипаттамаларымен, жүргізілген жұмыстардың түрлері мен көлемдері келтірілген.

2.1 Дайындық кезеңі мен жобалау

Жұмыстың құрамына, сушаруашылық алаптардың инспекцияларында, ЖД “Оңтүстікқазжерқойнауының” геологиялық фондтарында алынған деректер бойынша, зерттелген аумақта сутартқыш

телімдер мен кенорынының гидрогеологиялық жағдайлары бойынша материалды жинау кіреді.

1974-1975 жылдарда талдықорған гидрогеологиялық экспедициясымен орындалған, Сарыөзек аудан орталығын сумен қамтамасыз ету үшін, жерасты суларын толық барлау жұмыстарын жүргізу нәтижелері туралы есепнаманың деректері пайдаланылды.

Есепнаманың деректері бойынша, кенорынының шекаралық жағдайлары туралы, тәжірибелік-сүзілулік жұмыстардың нәтижелері бойынша алынған, негізгі гидрогеологиялық параметрлер, іздеп-барлау жұмыстарын жүргізуде бұрғыланған, ұңғымаларда барлау бойынша жұмыстарды орындау кезінде негізгі табиғи-климаттық сипаттамалар бойынша мәліметтер жиналды.

Жұмыс ауданы мен телімнің гидрогеологиялық картасы, ұңғымалардың геология-техникалық қималары, гидрогеологиялық параметрлерді есептеу үшін бақылау графиктері мен жерасты суларының пайдаланылатын қорларын есептеудің жалпы принциптері зерттелді.

Ауданның геологиялық және гидрогеологиялық сипаттамалары турады ақпарат L-44-XXXI және L-43-XXXVI парақтары үшін сәйкес келетін карталар, қималар мен түсіндірме жазбаларды зерттеу нәтижелері бойынша алынған.

РМК ШЖҚ «Қазгидромет» деректері бойынша кенорынының орташаланған климаттық сипаттамалары бойынша материалдар жиналды. Алынған ақпарат дипломдық жобаның 1 бөлімінде көрсетілген.

РМК ШЖҚ “Кербұлақ Су Құбыры” архивтерінде 1975-2012 жылдарда пайдалану кезінде бұрғыланған ұңғымалар бойынша ақпарат алынды. Ұңғыма құжаттарында көрсетілген ақпарат дипломдық жобаның 3 бөлімінде көрсетілген.

2.2 Жұмыс телімін шолуға маршруттық тексеру

“Алматы облысы, Нарынқол және Сарыөзек кенорынының жерасты сулары қорларын қайта бағалау мақсатында толық барлау” бойынша жобасында негізделетін, жұмыс көлемі мен түрлерін анықтау мақсатына 2012 жылдың 15-20 қазан аралығында, жерасты суларының Сарыөзек кенорыны алаңында шолу тексеру жұмыстары жүргізілді.

Бұл жұмыс түрлері алдында тұрған, негізгі тапсырмалар келесілер болып табылады:

- Сарыөзек аудан орталығын сумен қамтамасыз ету үшін қазіргі сұлбалар туралы ақпарат алу;

- жұмыс жасап тұрған сутартқыш шектерінде орналасқан, пайдалану, бақылау және режимдік ұңғымалардың құжаттарының көшірмелерін алу;

➤ Сарыөзек кенорынында жерасты суларын пайдалануды жүзеге асыратын, ұйымды нақтылау;

➤ жерасты суларының пайдаланылатын қорларын бекіткен уақыттан басталған, жұмыс теліміндегі сушаруашылық жағдайдың өзгеру дәрежесін анықтау.

Қажетті ақпарат алынғаннан кейін, сутартқыш телімдеріне пайдаланылатын ұңғымаларды, сутартқыш құрылымдарын, санитарлық қорғау белдемдерін, сутартқыш ұңғымаларынан тұтынушыларға суды тасымалдау сұлбаларын нақтылау мақсатында маршруттар жасалды.

Натурлы тексеру жеке навигатор ретінде, сол сияқты 1:50 000 масштабтағы топонегізде топографиялық байланыстармен жалғасты. Ұңғымаларда су деңгейін өлшеу электрлік деңгей өлшегішпен жүргізілді,

Ұңғымаларда су деңгейін өлшеу электрлік деңгей өлшегішпен, қажетті шаралар өлшейтін рулетканың көмегімен жүргізілді, тексеру объектілері фотоға түсірілді, ал олардың суреттемелері мен сипаттамалары белгіленген үлгідегі пикетажды журналға енгізілді.

Алматы қаласынан Сарыөзек ауылына дейінгі ары-бері жүрілген жол 360км, ал кенорыны аумағын тексеруде жолсыз жерлерде 30км жетті.

2.3 Гидрогеологиялық маршруттар

Гидрогеологиялық маршруттарды жүргізудегі негізгі тапсырмалар келесідей:

➤ пайдаланылатын қорларды есептеу жүргізілген, негізгі барлаудың авторларымен ұсынылған, жобалық сутартқыштардың есептік сұлбаларымен салыстыру арқылы, жоспарда пайдалану ұңғымаларының орналасу сұлбаларын анықтау;

➤ Дос, Кіші Майтөбе және Қараөзек телімдерінде сутартқыштардағы пайдаланылатын ұңғымалардың техникалық жағдайын анықтау;

➤ пайдалану ұңғымаларының конструкциясын, суды жоғары көтеретін жабдықтар типінің максималды су құйылысын, оны орнату тереңдігін нақтылау;

➤ сутартқыштардың және жеке әрбір ұңғыманың жалпы өнімділігін анықтау, сутартқыш жұмыстарының режимін зерттеу,

➤ жерасты суларының Сарыөзек кенорынындағы шекаралық жағдайдын нақтылау;

➤ қатаң режимдегі СҚБ шекараларында, сол сияқты оның шектерінде де санитарлық-экологиялық жағдайды анықтау;

➤ қоршаған ортаның қазіргі жағдайы мен оған түсетін техногендік күшті зерттеу.

Алға қойылған тапсырмаларды шешу үшін, 2012 жылдың 20 қазаны мен 5 қарашасы аралығында, далалық отрядпен, УАЗ-452 автокөлігінде

Алматы қаласынан бір маршруттың жалпы ұзындығы 420км жететін, 5 маршрут жасалды. Алматы қаласынан Сарыөзек ауылына дейінгі ары-бері жүрілген жол 360км, жолсыз жерлерде 60км жетті.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша келесілер белгіленген:

- Қараөзек телімінде ұңғымалар табылмады;
- Дос сутартқышы телімінде 3 ұңғыма тіркелді, оның ішінде 2 пайдалану және 1 бақылау ұңғымасы. Екі пайдалану ұңғымасының біреуі резервте тұр. Бақылау және резервтегі ұңғымаларда, тәжірибелік-сүзілулік жұмыстарды жүргізуде ары қарай деңгейдің бір уақытта өлшеу жұмыстары жүргізілді.

Оңтүстіктен солтүстікке қарай бағытталған үш ұңғымадан сызықты қатар жоспарында олардың орналасуы. Көршілес ұңғымалар арасындағы арақашықтық 3,3м.

- Кіші Майтөбе сутартқыш телімінде 5 ұңғыма тіркелген. Кіші Майтөбе өзен аңғарында, оның сол жағалауында, батыстан шығысқа қарай бағыттағы, 2м арақашықтықта орналасқан екі ұңғымадан тұратын сутартқыш.

Одан шығысқа қарай 1,3км жерде тағы да екі пайдалану ұңғымалары картаға түсірілген, батыстан шығысқа қарай бағыттағы, 2м арақашықтықта орналасқан. Ары қарай 50м шығысқа қарай, солтүстік-шығыста жеке ұңғыма бар. Сутартқыштар аумағына кіру еркін, күзет жоқ. Жеке ұңғымадан басқа ұңғымалардың барлығының бастаулары шегендеу ғимараттарында орналасқан. Сутартқыш аумағында, сол сияқты одан алыст жерде де ластанудың потенциалды ошақтары жоқ.

Санитарлық-экологиялық тексеру нәтижелері бойынша, жұмыс жасап тұрған сутартқыштар мен оларға жанасатын аумақтардағы телімдердің қанағаттандырылғыс экологиялық жағдайы белгіленген.

Алынған ақпараттарды талдау нәтижелері далалық гидрогеологиялық зерттеулердің ары қарайғы бағыттары негізіне жатады Б Қосымшасы.

2.4 Топография-геодезиялық жұмыстар

Топография-геодезиялық жұмыстар алдында тұратын, негізгі тапсырмалар төмендегілер болып табылады:

- сутартқыштар мен басқа да су ашылымдарындағы ұңғымалардың жоспарлы-биіктік байланыс;
- Дос, Кіші Майтөбе өзендерінде уақытша гидрометрикалық постарда жобамен белгіленген жоспарлы-биіктік байланыс;

Гидрогеологиялық маршруттарды жүргізу арқылы, кешенде алға қойылған тапсырмаларды орындау үшін, сутартқыштардың жеті пайдалану

және бір бақылау ұңғымасы мен Дос, Кіші Майтөбе өзендерінде үш уақытша гидрометрикалық постары (барлығы 6 гидрометрикалық постар) бойынша жоспарлы-биіктік байланыс орындалды.

Жоспарлы-биіктік байланыс 1:50 000 масштабтағы топонегізге салу арқылы, «Garmin» жеке навигаторымен, жайғастырудың жаһандық жүйесін пайдалану арқылы жүргізілді.

2.5 Гидрологиялық жұмыстар

Гидрологиялық жұмыстар алдында тұратын негізгі тапсырмалар келесідей:

- Дос, Кіші Майтөбе өзендеріндегі жер беті суларының, перм таужыныстарында ашық жарықшақтық белдемінің жерасты суларымен өзара байланысу дәрежесі мен сипатын нақтылау;

- ауданның зерттелуін қарастыратын климаттық жағдайларды, ауаның ылғалдылығы мен температурасы, желдің жылдамдығы, атмосфералық жауын-шашындар, сүзілу коэффициенті туралы деректер, топырақтан, су бетінен, грунт сулары бетінен сүзілу коэффициенті, грунттардың қатуы мен барлау жұмыстарын жүргізу кезінде сулылық туралы деректерді бағалау;

- гидрографиялық тораптың сипаттамасын, гидрогеологиялық режимнің сипаттамасымен, ирригациялық каналдарды зерттеу туралы мәліметтер, техногендік факторлардың әсерімен табиғи сулы режимнің бұзылыстары мен мелиоративті шаралар туралы деректерді қамтитын гидрогеологиялық жағдайларды бағалау.

Болжанып отырған тектоникалық бұзылыста, Дос өзенінің беткі ағысынан шығынды анықтау үшін 500м ұзындықты теліде 3 гидрологиялық пост (ГП) орналасты, мұнда ГП 1 жарылымнан гипсометрлік 250м биік, ГП 2 оның болжанатын сызығында, ГП 3 ГП 2 ден гипсометрлік 250м төмен орналасқан. №2 сутартқыш телімінде Кіші Майтөбе өзенінде жоғарыда сипатталған принциптегі сияқты гидропостар орнатылған.

Өзенде су ағысының жылдамдығын өлшеу қалтқылық әдіспен жүргізілді, қалтқының өту уақыты баснына соңғы нүктеге дейін секунды өлшегішпен өлшенді. Әрбір гидро тұстамада операция бестен кем қайталанған жоқ.

2.6 Тәжірибелік-сүзілулік жұмыстары

Толық барлау бойынша жұмыстарды жүргізу процесінде, сутартқыштарды пайдалану режимін зерттеуде алынған деректерге, сол

сияқты Алматы облысы, Кербұлақ ауданының ЖКХ бөлімінің анықтамасына сүйене отырып, №№1 және 2 сутартқыш телімдерінде үздіксіз сутартуда алынатын судың жалпы көлемі $45,0 \text{ дм}^3/\text{с}$ ($3888 \text{ м}^3/\text{тәулік}$), Сарыөзек ауылының жалпы қажеттілігінде $67,5 \text{ дм}^3/\text{с}$ немесе $5832 \text{ м}^3/\text{тәулік}$ құрайды.

Алынған судың тапсырыс берілген су көлеміне жақын екендігін дәлелдеу мақсатында $67,5 \text{ дм}^3/\text{с}$ немесе $5832 \text{ м}^3/\text{тәулік}$, сол сияқты 2012 жылдың 01-15 қарашасы аралығында, перм таужыныстары жарықшақтық сулы белдемінің, есептік гидрогеологиялық параметрлерін нақтылау үшін, №1 сутартқыш ұңғымасынан тәжірибелік жеке сутарту мен №2 сутартқыштың үш пайдалану ұңғымаларынан топтық сутарту жүргізілді.

2.6.1 Тәжірибелік жеке сутарту

№1 сутартқыш телімінде жеке сутартқыштың өнімділігін жоғарылату мүмкіндігін анықтау мен есептік гидрогеологиялық параметрлерді нақтылау мақсатында, ұңғымада белгіленген, ЭЦВ-10 электрлік төмен түсіретін насоспен 10 тәулік аралығында, тәжірибелік жеке сутарту жүргізілді.

Сутарту үшін тапсырыс берілген дебит $15,0 \text{ дм}^3/\text{с}$ немесе $1296 \text{ м}^3/\text{тәулік}$, пайдалануға қарсы $10,0 \text{ дм}^3/\text{с}$ немесе $864 \text{ м}^3/\text{тәулік}$.

Тартылған су елді-мекеннің суды бөлетін торабына бағытталған. Ұңғымада орнатылған сорап, тәжірибелік жеке сутартуды бастар алдында 15 сағатқа өшірілді, бұл су деңгейінің қалпына келуін бақылауға мүмкіндік берді. Алғашқы 15 минутта су деңгейі $10,15 \text{ метрден}$ $0,5 \text{ метрге}$ дейін көтерілді, ал сорапты түсіргенде, яғни 15 сағаттан кейін жер деңгейіне дейін көтерілді.

Бақылау ұңғымасында деңгей $3,49 \text{ метрден}$ $2,52 \text{ метрге}$ дейін көтерілді. Бұрында жүргізілген жұмыстардың деректері бойынша, жұмыс жасап тұрған ұңғымадағы статикалық деңгей, жер бетінен төменде $6,4 \text{ метр}$ тереңдікте табылды. Бұл факт №1 сутартқыш ұңғымасымен сутарту нүктесінде, жерасты суларының арылуы тектоникалық бұзылыс бойынша немесе оны анықтайтын жарылымдар бойынша болатынын дәлелдейді.

Сорапты төмен түсіру басталғанда және тәжірибелік жеке сутарту аяқталғанға дейін, $15,0 \text{ дм}^3/\text{с}$ тұрақты сутартуда динамикалық деңгей 1 минутта $10,8 \text{ м}$ тереңдікте тұрақталды.

Динамикалық деңгейді өлшеу тәжірибелік, сол сияқты бақылау ұңғымаларында да келесідей жиілікте жүргізілді: алғашқы 5 минут – минут сайын, одан кейінгі 10 минут – 2 минут сайын, ары қарай 15 минут – 5 минут сайын, екі өлшеу 15 минут сайын, бақылаудың бірінші тәулігі аяқталғанға дейін және ауытқудың соңына дейін 2 сағат сайын.

Алынатын су көлемін бекіту WPH – 300 суды өлшегіш бойынша жүргізілді. Сутартудың соңында СН РК №209 сәйкес келетіндігіне, жалпы

химиялық, радиологиялық және бактериологиялық талдауға судың сынамасы алынды.

Барлық өлшеулердің деректері, белгіленген үлгідегі сутарту журналына енгізілді. Су деңгейін бақылау жүргізілген жоқ, өйткені пайдаланушы қызмет кері температура әсерінен, орталық магистралды су құбырының қатып қалуынан қауіптеніп, сорапты өшіруге тыйым салды.

Сондықтан, деңгейдің қайта қалпына келуін бақылау графиктерін салу үшін, сутартудың басында алынған, тәжірибелік және бақылау ұңғымаларындағы бақылау деректері пайдаланылды.

Тәжірибелік жеке сутарту нәтижелері бойынша, орталық және бақылау ұңғымалары үшін, деңгейдің қалпына келуін уақытша бақылау графиктері, ауытқу дәрежесінен төмендеу байланысының графиктері, жұмыс және бақылау ұңғымалары бойынша, уақыт бойында дебит пен динамикалық деңгейдің өзгеру графигі салынды.

2.6.2 Топтық сутарту

№2 сутартқыштың үш пайдалану ұңғымасынан бір уақытта жүргізілді, олардың өнімділігі, сорапты өшіру алдында 35,0 дм³/с құрады. Сорапты тоқтатқанға дейін, барлық үш ұңғымаларда динамикалық деңгейді бір уақытта өлшеу орындалды. Біріншіде (Кіші Майтөбе өзен аңғары) деңгейдің мәні 8,2 м, №564 ұңғымада – 16,4 м, №3 ұңғымада – 16,5 м. 5 сағат аралығында, барлық ұңғымаларда сораптарды өшіргеннен кейін су деңгейін қайта қалпына келтіру бойынша бір уақытта өлшеу жүргізілген.

Пайдалану ұңғымасында деңгей 4,8 м, №564 – 12,2 м, №3 – 12,7м белгіленді. Жер бетінен төменде.

1975 жылғы деректер бойынша №564 барлау ұңғымасындағы статикалық деңгей 15,8 м тереңдікте, №2 сутартқыш ұңғымасында – 7,8 м, яғни, Кіші Майтөбе өзен аңғарында екі жарылым наты тіркелген.

Тәжірибелік топтық ауытқудың жалғасуы 10 тәулікті құрады. Барлық ұңғымалардағы динамикалық деңгейдің тұрақтануы, сутарту басталғаннан кейін 5 соң бір уақытта болды, ал оның мәні төмендегіні құрады: №2 сутартқыштың пайдалану ұңғымасында – 8,6 м, №564 – 16,9 м, №3 – 17,1 м. Барлық ұңғымалардан тәжірибе аяқталғаннан кейін СН РК №209 сәйкес келетіндігіне, жалпы химиялық талдауға – 3 сынама, радиологиялық және бактериологиялық талдауға – судың 3сынамасы алынды.

Қазіргі сутартудан сутартқыштардың өнімділігін 50% жоғарылатуда, деңгейді қосымша төмендету №1 сутартқыш бойынша – 0,65 м, №2 сутартқыш бойынша – 0,4 м – 0,6 м.

Топтық сутарту нәтижелері бойынша динамикалық деңгей мен дебиттің өзгеру графиктері, ауытқу дәрежесінен төмендеу байланысының

графиктері, үш ұңғыма бойынша деңгейдің қалпына келуін уақытша бақылау графиктері салынды В Қосымшасы, В Қосымшасының жалғасы.

2.7 Режимдік бақылаулар

Тұрақты жұмыс жасап тұрған сутартқыштарда, пайдаланылатын қорларды қайта бағалау, бұрында жүргізілген іздеп-барлау жұмыстарында алынған базалық деректерді талдауға негізделуі керек, сондықтан, бұл бөлімде сутартқыштардың жоғарыда аталған телімдерінің шектерінде, гидрогеологиялық зерттеулердің әртүрлі сатыларында орындалған, жұмыс түрлерінің толық сипаттамасы келтіріледі.

1959-1961 жылдар аралығында, «Мосгипротранс» жобалық-зерттеу институтымен, Сарыөзек станциясының маңында геофизикалық зерттеулермен кешенде іздеп-барлау жұмыстары жүргізілді. Дос, Қараөзек, Кіші Майтөбе өзен аңғарларында, далалық геофизикалық зерттеу нәтижелерінің интерпретациясы негізінде, үш келешегі бар телім ашылды, онда перм таужыныстарының жарықшақтығының сулы белдемін сынамалау мақсатында, 60-90м тереңдікпен іздеп-барлау ұңғымалары бұрғыланды.

№2 телімі Кіші Майтөбе өзен аңғарында орналасқан. 57,0м тереңдіктегі екі ұңғыма бұрғыланды, олардың арасындағы арақашықтық 6,0м. Ұсатылу белдемі 25,0 м тереңдікте, жарықшақтықтың ашық белдемі 40,0 – 45,0м байқалады және құмдақтармен ашылады. Сутартуда су деңгейі 1,2 м төмендегенде, максималды дебит 12,0 дм³/с, үлестік дебит 10 дм³/с, минералдылық шамасы 0,9 г/дм³. Сутартқыш 1959 жылдан бастап жұмыс істейді.

Жұмыс жасап тұрған сутартқыштардың телімдерін гидрогеологиялық тексеру нәтижелерімен, Сарыөзек аудан орталығын шаруашылық – ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында сутарту, Дос (№1), Қараөзек (№3), Кіші Майтөбе (№2) өзен аңғарларында орналасқан үш сутартқышпен жүзеге асырылды.

Тұрақты жұмыс жасайтын №№1 және 2 сутартқыштардың жалпы өнімділігі 20 дм³/с, мерзім бойынша жұмыс істейтін №3 сутартқыштың өнімділігі – 3,0 дм³/с құрайды.

Толық барлауды жүргізу процесінде, тұрақты жұмыс жасайтын №№1 және 2 сутартқыштарына режимдік бақылау жүргізілді.

№1 сутартқыш кезектесіп жұмыс істейтін, екі пайдалану ұңғымаларынан тұрады, минималды сутарту кезіндегі дебит - 8 дм³/с, максималды сутартуда – 9,6 дм³/с.

Су деңгейінің жағдайы бақылау ұңғымасында өлшенді, оның мәні жылдық қимада, жер бетінен 5,24 метрден 6,3 метрге дейін өзгерді. Жыл

бойында жерасты сулары деңгейінің ауытқу амплитудалары 1,06 метрді құрайды.

№2 сутартқыш кезектесіп жұмыс істейтін, екі пайдалану ұңғымаларынан тұрады, минималды сутарту кезіндегі дебит - $12,0 \text{ дм}^3/\text{с}$, максималды сутартуда – $14 \text{ дм}^3/\text{с}$.

Динамикалық деңгейдің жағдайы жұмыс істеп тұрған пайдалану ұңғымасында өлшенді, оның жағдайы жылдық қимада жер бетінен 8,42-8,7 метрге дейін өзгерді. Жыл бойында жерасты сулары деңгейінің ауытқу амплитудасы 0,28 метрді құрады.

№3 сутартқыш бір жұмыс істейтін және бір апатты ұңғымадан тұрады, негізгі №№1 және 2 сутартқыштарға қатты күш түскен кездерде жұмысқа қосылады. Ұңғыманың дебиті $3,0 \text{ дм}^3/\text{с}$.

1975 жылы үш сутартқыштан жалпы сутарту $23,0 \text{ дм}^3/\text{с}$ ($1987,2 \text{ м}^3/\text{тәулік}$). Құрады. Гидрогеологиялық зерттеу процесінде №№1 және 2 сутартқыштардың екі телімі белгіленді.

№1 сутартқыш толығымен алғашқы түрінде сақталды, ұңғымалар саны мен олардың мақсаттары да. Жұмыс жасап тұрған бір ұңғыма, екіншісі резервте және бір бақылау ұңғымасы – жерасты суларының режимдік деңгейі бойынша мониторинг жүргізеді. Бұл сутартқыш ЭЦВ10-110 электрлік төмен түсірілетін сорабымен, үздіксіз сутарту режимінде жұмыс жасайды, ұңғымада оны орнату тереңдігі 50,0 м.

Толық барлау бойынша жұмыстарды жүргізу уақытында, пайдалану ұңғымасының дебиті $10 \text{ дм}^3/\text{с}$ ($864 \text{ м}^3/\text{тәулік}$). Динамикалық деңгей 10,15 метр тереңдікте.

№2 сутартқыш бес пайдалану ұңғымасынан тұрады. Үшеуі жұмыс істейді, олардың біреуі 1959 жылы «Мосгипротранс» институты кезінен жұмыс істейді және сақталған, екінші - 1974 жылы Талдықорған гидрогеологиялық экспедициясымен бұрғыланған, №564 барлау ұңғымасы, үшінші 1978 жылы бұрғыланған резервтегі ұңғыма.

Бірінші ұңғыма Кіші Майтөбе өзен аңғарында ораналсқан, сағаның абсолюттік белгісі 934 м, қалған екеуі біріншіден 1300м шығыста орналасқан, абсолюттік белгісі 960 м.

Бір сутартқыштық тораптың екіншісінен жоғарылауы 26,0 м құрайды. Бірінші ұңғымадағы динамикалық деңгей – 8,2 м, дебит $10,0 \text{ дм}^3/\text{с}$ ($864 \text{ м}^3/\text{тәулік}$), қалған екеуінде 16,4 – 16,5 м. №564 ұңғыманың дебиті - $15,0 \text{ дм}^3/\text{с}$ ($1296 \text{ м}^3/\text{тәулік}$), үшіншіде – $10,0 \text{ дм}^3/\text{с}$ ($864 \text{ м}^3/\text{тәулік}$). №2 сутартқыштың жұмыс режимі – үздіксіз сутарту.

Қараөзек өзен аңғарындағы №3 сутартқыш жұмыс істемейді, ұңғымалар істен шыққан және қайта қалпына келтіруге жарамайды.

Сөйтіп, Сарыөзек кенорыны шектерінде, толық барлау бойынша жұмыстарды аяқтау кезінде Дос және Кіші Майтөбе өзен аңғарларында орналасқан, екі сутартқыш жұмыс істейді, олардың арасындағы арақашықтық 1300 м.

№1 сутартқыш, 75,0-87,0 м су құйылу аралығында, перм таужыныстары жарықшақтығының сулы белдеміндегі жерасты суларын, ал №2 сутартқыш, осы аумақта ауыз су сапасындағы жерасты суларының негізгі коллекторлары болып табылатын, тектоникалық бұзылыстарға ұштасқан, перм таужыныстарының ұсақталған сулы белдемінде каптирлейді.

2013 жылдың қарашасында екі сутартқыштан жалпы сутарту $45 \text{ дм}^3/\text{с}$ ($3888 \text{ м}^3/\text{тәулік}$), сутартқыштардың жұмыс режимі жыл бойында үздіксіз сутарту.

Ауыз судың тапшылығы фактілік сутартудан 50% немесе $22,5 \text{ дм}^3/\text{с}$ ($1944 \text{ м}^3/\text{тәулік}$) құрайды.

$3888 \text{ м}^3/\text{тәулік}$ мөлшердегі фактілік сутартуды А категориясына жатқызуға болады.

Сарыөзек кенорынында сутартқыштарды пайдалану режимін, әртүрлі мерзімдерде салыстыра отырып, 1959-1974 жылдар аралығында алынатын судың жалпы мөлшері тұрақты болды және $23 \text{ дм}^3/\text{с}$ ($1987,2 \text{ м}^3/\text{тәулікті}$) құрады, ары қарай толық барлаудан кейін осы уақытқа дейін, жалпы сутарту $45 \text{ дм}^3/\text{с}$ ($3888 \text{ м}^3/\text{тәулік}$) дейін жоғарылады, мұнда суға тапшылық минимум $22,5 \text{ дм}^3/\text{с}$ ($1944 \text{ м}^3/\text{тәулік}$).

№1 сутартқыштың бақылау ұңғымасында деңгейдің жағдайы, 1974-1975 жылдар аралығында, пайдалану ұңғымасынан 5,24-6,3 метр тереңдікте үздіксіз сутартуда $8,0 - 9,6 \text{ дм}^3/\text{с}$, 2012-2013 жылдарда қайта бағалау кезінде, $5,2 - 5,6$ метр тереңдікте, үздіксіз сутартуда $10,0 \text{ дм}^3/\text{с}$ жетті.

№2 сутартқыш ұңғымаларында, 1974-1975 жылдар аралығында, динамикалық деңгейдің тереңдігі $8,42 - 8,7$ метрден сутарда $12,0 - 14,4 \text{ дм}^3/\text{с}$, 2012-2013 жылдарда $8,0$ м и $16,5$ м.

Алынатын судың мөлшері мен динамикалық деңгейдің жағдайын жарты ғасырлық кезеңде салыстыра отырып, таужыныстарының ұсақталу ареолдары мен тектоникалық жарылымдар белдеміне ұштасатын телімдерде жарықшақтықтың сулы белдемінде пайдаланылатын қорлар тұрақты қоректену облысын иеленеді және жақын жатқан алаңдардан су құйылуы есебінен жақсы қамтамасыз етілетіндігі туралы қорытынды жасауға болады.

Бұл қорытынды, 1974-1975 жылдарда толық барлау кезіндегі алынған деректерді талдаумен, Кіші Майтөбе өзен аңғарларында толық барлау кезінде жүргізілген, гидрологиялық жұмыстардың толық барлау кезінде жүргізілген, гидрологиялық жұмыстардың нәтижелерімен нақтыланады Г Қосымшасы.

2.8 Зертханалық жұмыстар

Жерасты суларының Сарыөзек кенорынының сулары шаруашылық-ауыз сумен өндірістік-техникалық мақсаттар үшін пайдаланылады, сондықтан онда СанПиН талаптарына жерасты суларының сәйкестігін бағалау үшін сапаны тұрақты бақылау жүзеге асырылады.

1 кесте – Су сынамасының көлемдері

Рет-тік №	Талдау түрлері	Өлшем бірлігі	Көлемі
1	СанПиН сәйкес келуі	сынама	16
2	Қысқартылған химиялық	сынама	24
3	Бактериологиялық	сынама	4
4	Радиологиялық	сынама	4
Барлығы:		сынама	84

2.9 Далалық материалдарды камералдық өңдеу

Есепнаманы жасау бойынша камералдық жұмыстар келесідей:

- Сарыөзек кенорыны мен көршілес кенорындарында барлау жұмыстарында жиналған, қолда бар материалдарды жинау, жүйелендіру және талдау;
- карталар мен қималарды дайындау және жасау;
- барлық графикалық материалды цифрлау;
- гидрогеологиялық параметрлерді есептеу;
- топтық және жеке сутарту нәтижелерін өңдеу;
- алынған параметрлердің нақтылығын негіздеу, талдау және бағалау;
- кенорынын пайдалану тәжірибесі бойынша материалдарды жинау, талдау және өңдеу;
- далалық материалдарды камералдық өңдеу;
- жерасты суларының пайдаланылатын қорларын, гидрогеологиялық параметрлерді нақтылау бойынша гидродинамикалық есептерді есептеуге ақпаратты дайындау.

Камералдық жұмыстар процесінде барлық орындалған далалық зерттеулердің материалдары өңделді, бұрында жүргізілген геологиялық және гидрогеологиялық жұмыстардың материалдары жиналды, талданды және жалпыланды.

3 Кенорынының геологиялық және гидрогеологиялық жағдайлары

3.1 Кенорынының геологиялық құрылымы мен стратиграфиялық ерекшеліктері

Кенорынының геологиялық құрылымында жоғарғы палеозой түзілімдері (таскөмір, миоцен) кеңінен дамыған. Төрттік түзілімдер бағыныңқы мәнді иеленеді және Майтөбе мен Байғазы өзен аңғарлары бойында дамыған. Жерасты суларының кенорыны, перм түзілімдерінің ашық жарықшақтық белдемі мен тектоникалық жарылымдар белдеміне ұштасқан.

Пермь (P). Перм түзілімдері кенорыны алаңында кеңінен дамыған. Таужыныстары литологиялық қатынаста туфтар, туфты құмдақтар, порфирлер, альбитофирлермен ашылған. Түзілімдер шайылу арқылы, бұрыштық үйлесімсіздікпен жоғарғы таскөмір түзілімдеріне жатады, ал жоғарыда неоген түзілімдерімен жабылады.

Перм түзілімдері құрылымдық қатынаста синклиналды қатпарды түзеді. Перм түзілімдерінің жалпы қалыңдығы 1500 м.

3.2 Кенорынының гидрогеологиялық жағдайлары

Сарыөзек кенорыны шектерінде, айналымы мен қалыптасу жағдайлары бойынша жерасты сулары екі негізгі сулы горизонтқа бөлінеді.

1. Майтөбе және Байғазы өзен аңғарларында жоғарғы төрттік және қазіргі аллювиалды түзілімдердің сулы горизонты (aQ_{III-IV}).

2. Перм түзілімдерінің ашық жарықшақтық белдемі мен тереңдік жарылымдардың жерасты сулары (P).

Ауданның жалпы гидрогеологиялық жағдайларында көрсетілгендей, перм түзілімдері аудан шектерінде кеңінен таралған, онда олар таужыныстарының моноклиналды жазықта солтүстік-батысқа қарай құлауымен, горсты көтерілімдерде жатады.

Түзілімдер континенталды шөгінді және жанартаулы жаралымдармен ашылған: туфты құмдақтар, құмдақтар, туфтар, туфты порфириттер, порфириттер, альбитофирлер.

Жерасты суларының айналысы экзогенді және тектоникалық пайда болған жарықшақтардың жүйесі бойынша жүзеге асырылады, нәтижесінде бүкіл массив сулы болып табылады. Бірақта, таужыныстарының сулылығы біркелкі емес, тектоникалық бұзылыстар белдемі шектеріндегі таужыныстарының сулылығы жоғары болады.

Сутартқыш телімінде бұрғыланған, іздеу және барлау ұңғымаларының дебиттері 8,0 дм³/с-тан 35,5 дм³/с-қа дейін ауытқиды. Тектоникалық жарылымның белдемінен тыс бұрғыланған ұңғымаларда (ұңғ.561, 568 және 571) сулылық төмен. Су деңгейі 4,7-31,8 метрге төмендегенде, дебит 6,4-11,2 дм³/с кұрайды.

Тектоникалық белдемдердің сулылығы 60-70 м тереңдікке дейін жоғарылайды, төмен қарай жарықшақтық басылады. Бұл туралы ұңғыманы сығылған ауамен бұрғылауда алынған деректер дәлелдейді.

0,9 г/дм³ минералдылықты, айтарлықтай тереңдіктерде тұщы жерасты суларының таралуы, жарықшақтықтың анизотроптығының төмен жағдайы мен тектогенездің біркелкі емес белсенді фазалары туралы дәлелдейді.

Барлау ұңғымаларында су деңгейі 6,35-11,91 метрге төмендегенде, дебиттері 40,0-46,0 дм³/с жетеді.

Кенорынын барлау тәжірибесі көрсеткендей, сол сияқты жарықшақты-желілі сулардың жағдайлары үшін әдістемелік нұсқауға сәйкес, барынша сенімді есептік гидрогеологиялық параметрлер топтық сутарту деректері бойынша анықталады.

3,5 айға жалғасатын топтық тәжірибелік-пайдаланып сутарту нәтижелері 2- кестеде келтірілген.

2 кесте - 3,5 айға жалғасатын топтық тәжірибелік-пайдаланып сутарту нәтижелері

Ұңғыма №	Статикалық деңгей, м	Сутарту нәтижелері		
		дебит, дм ³ /с	деңгей төмендеуі, м	үлестік дебит, дм ³ /с
564	15,8	35,0	5,94	5,89
567	8,1	35,5	8,1	4,38
561	7,16	8,0	6,4	1,25

Сутартудың мұндай ұзақтығы, жерасты суларының пайдалану қорларын жоғары категориялар бойынша бағалау мүмкіндігін береді.

Топтық сутарту сүзілудің белгіленген режимінде жүргізілді, бұл кенорынында сутарту жерасты суларының динамикалық қорларынан жоғары болмағандығын дәлелдейді.

Топтық сутартуда дебиттің үлкендігіне қарамай, ұңғымалардағы, сол сияқты №754 бұлақтағы су деңгейі тұрақты болып қалды, 611, 568.

Сулы таужыныстарының сүзілулік қасиеттері біркелкі емес, сүзілу коэффициенттері тәжірибелік сутартуларда 1,1 - 8,3 м/тәулікке дейін өзгереді.

Сүзілу коэффициенттерінің мәнін анықтау жетілген ұңғымалары үшін Дюпюи формуласымен, тәжірибелік жұмыстардың нәтижелері бойынша жүргізілді.

Орталық және бақылау ұңғымалары үшін.

Кенорыны табиғи жағдайларда, деңгейлік режимнің сипаты бойынша, жарықшақтық белдемінің жерасты суларын кәріздейтін, Дос, Сарыөзек өзен аңғарларына және тектоникалық бұзылыс телімдерінде, ашық жарықшақтық белдемінің жерасты суларын қоректендіретін, Кіші Майтөбе, Қараөзек өзен аңғарларына ұштасады.

Жерасты сулары жер беті су құйылыстары есебінен қоректенетін телімдерде, деңгейдің жылдық ауытқу амплитудасы 1,7-2,12 м құрайды. Жерасты сулары деңгейінің мұндай аздаған амплитудалары, реттеуші коллектордың ролін атқаратын, Қоғалы ойпатының грунт сулары есебінен болады.

Жерасты сулары деңгейінің көтерілуі ақпанда басталады және сәуірге дейін жалғасады. Содан кейін мамырда деңгейдің төмендеуі басталады және тамыз–қыркүйек айларында Алтын Емел жотасының мұздықтары мен қарының еруі есебінен деңгей қайта көтеріледі.

Сөйтіп, жылдық қимада екі максимум мен екі минимум байқалады. Жерасты суларының температурасы тұрақтылығымен ерекшеленеді және 12-13⁰С жоғары емес. Қимада химиялық құрамы өзгермейді. Минералдылық 0,8 –0,9 г/дм³ дейін ауытқиды, гидрокарбонатты–сульфатты натрийлі.

3.3 Жерасты сулары сапасының сипаттамасы

